

№ 31-02-01-31/3566 от 19.05.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ АТОМНОГО И
ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО НАДЗОРА И
КОНТРОЛЯ

010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19, А блогы,
тел.: 8 (7172) 64-81-84, 64-81-83
e-mail: kense.kaenk@energo.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19, блок «А»,
тел.: 8 (7172) 64-81-84, 64-81-83
e-mail: kense.kaenk@energo.gov.kz

«ЛАЭР-Казахстан» АҚ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) электрзертханаларының қызметіне қатысты 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 08/174 хатыңызды қарап, өз құзыреті шеңберінде мынаны хабарлайды.

2016 жылғы 29 наурыздағы № 479-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Электр зертханаларын және энергетикалық сараптама жүргізуді аккредиттеу» функциясы «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан алып тасталды. Сонымен қоса «Электр зертханаларын аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан алып тасталды (бұдан әрі – Заң).

Заңның 18-бабының 6-тармағына сәйкес *рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күшін жою осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар мен хабарламалар тізбелерінен рұқсатты немесе хабарламаны алып тастау арқылы жүзеге асырылады және жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекетті (операцияны) рұқсаты болмай-ақ немесе хабарлама жібермей-ақ жүзеге асыру құқығына әкеп соғады.*

Электр зертханаларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен регламенттелмеген.

Осыған орай, электр зертханасы жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология саласындағы заңнамасына сәйкес аттестаттаудан және тексеруден өткен тиісті өлшеу құралдары, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша тиісті рұқсат тобы бар персонал болуы қажет екендігін хабарлаймыз.

Төраға орынбасары

И. Рожков

✉ Ж. Жайсанбаева ☎ 648213





Согласовано

19.05.2025 17:15 Жайсанбаева Жанар Аскарровна

19.05.2025 17:16 Шаймарденова Мейрамгуль Болатовна

Подписано

19.05.2025 18:14 Рожков Илья Борисович

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 31-02-01-31/3566 от 19.05.2025 г.
Организация/отправитель	КОМИТЕТ АТОМНОГО И ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО НАДЗОРА И КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 <p>Согласовано: Жайсанбаева Жанар Аскараровна без ЭЦП Время подписи: 19.05.2025 17:15</p>
	 <p>Согласовано: Шаймарденова Мейрамгуль Болатовна без ЭЦП Время подписи: 19.05.2025 17:16</p>
	 <p>Государственное учреждение "Комитет атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан" Подписано: РОЖКОВ ИЛЬЯ MISCAYJ...fPenFortZ Время подписи: 19.05.2025 18:14</p>
	 <p>Государственное учреждение "Комитет атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: АХМЕТБЕКОВА АСЕЛЬ MISeAYJ...lhb+nkg== Время подписи: 19.05.2025 18:27</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.